

**Қазақстан Республикасы**  
**Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік**  
**материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық резервтің**  
**материалдық құндылықтарын шығару ( жаңарту және броньнан шығару**  
**тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының**  
**ХАТТАМАСЫ**

**Астана қаласы**  
**Янушкевич көшесі, 2**

**15.03.2018**  
**сағ.10:58**

**Тендерлік комиссия құрамы:** С.К. Сабырбаева – Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы;

**Комиссия мүшелері:** Б. Ә. Орынбеков – ММРК төрағасының орынбасары, тендерлік комиссия төрағасының орынбасары; Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, Д.Н. Дүйсекенова - ММРК Заң басқармасының басшысы, М.Ж. Әжіғұлова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, М.Н. Рахаев - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының басшысы, Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, А.С. Бекенов - ММРК «Резерв» РМК Бас директоры, Д.Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

**Күн тәртібі:**

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару бойынша келіп түскен үміткердің тендерге қатысу өтінімін қарастыру.
2. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі № 30-38, № 39-49, № 237-267, № 268-322, № 410, № 411-448, № 636, № 637, № 638, № 639 лоттар бойынша кесімді бағасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41,42-тармақтарына сәйкес кезең-кезеңімен 10 % төмендету (бұдан әрі – Қағидалар).

1. Тендер 2018 жылғы 12 наурыздағы мемлекеттік материалдық резервінің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген 2018 жылы шығаруға жататын жаңарту және броньнан шығарылған

*Handwritten signatures and initials at the bottom of the page.*

мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері жоқ.

ММРК-нің [www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz) сайтында орналастырылған мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару бойынша тендерге қатысу өтінімі келесі тұлғадан тендерге қатысу өтінімдерінің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:

№	Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекенжайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	«АЗК-Грейн» ЖШС	1	Астана қ., Есіл ауданы, Корғалжын тас жолы, 5 үй	14.03.2018	17:55
	<b>Барлық конверттер:</b>	<b>1</b>			

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 13-тармағына сәйкес тендерлік комиссия үміткер ретінде қатысушыны келесі мазмұндағы өтініммен тіркеуді шешті:

**1. «АЗК-Грейн» ЖШС (№ 636, № 637, № 638 лоттар)**

Тендерге қатысу өтінімі 21 парақта тігілген, мөрленген, нөмерленген:

1. тендерлік өтінім;
2. жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
3. 23.06.2016 жылы тіркелген заңды тұлға туралы анықтама;
4. 05.03.2018 жылғы № 710-06/375 «Цесна Банк» АҚ берешектің жоқтығы туралы анықтама;
5. 05.03.2018 жылғы № 68/2302-и «АТФ Банк» АҚ берешектің жоқтығы туралы анықтама;
6. 27.11.2017 жылғы № 27/11/17-02 «Цесна Банк» банк сенімхатының көшірмесі;
7. 01.03.2018 жылғы «АТФ Банк» АҚ банк сенімхатының көшірмесі;
8. «АТФ Банк» АҚ банк кепілдемесі (13.03.2018 жылғы №G017-2017/3 кепілдеме міндеттемесі);
9. «АТФ Банк» АҚ банк кепілдемесі (13.03.2018 жылғы №G017-2017/2 кепілдеме міндеттемесі);

*(Handwritten signatures and initials)*

10. «АТФ Банк» АҚ банк кепілдемесі (13.03.2018 жылғы №G017-2017/4 кепілдеме міндеттемесі).

Қағидалардың 35 және 36-тармақтарына сәйкес тендер комиссиясы ашық түрде дауыс беру жолымен бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша жеңімпаз ретінде тану туралы **ШЕШІМ** қабылдады:

1. Жалғыз қатысушы ретінде № 636 лот бойынша өтінім бағасы 341 057 563 (үш жүз қырық бір миллион елу жеті мың бес жүз алпыс үш) теңге 68 тиынмен «АЗК-Грейн» ЖШС тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 35 т. сәйкес);

2. Жалғыз қатысушы ретінде № 637 лот бойынша өтінім бағасы 340 001 673 (үш жүз қырық миллион бір мың алты жүз жетпіс үш) теңге 20 тиынмен «АЗК-Грейн» ЖШС тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 35 т. сәйкес);

3. Жалғыз қатысушы ретінде № 638 лот бойынша өтінім бағасы 340 865 347 (үш жүз қырық миллион сегіз жүз алпыс бес мың үш жүз қырық жеті) теңге 04 тиынмен «АЗК-Грейн» ЖШС тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 35 т. сәйкес).

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»,

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

Тендерлік комиссия ашық дауыс беру арқылы **ШЕШТІ**:

2. Қағидалардың 41,42-тармақтарына сәйкес № 30-38, № 39-49, № 237-267, № 268-322, № 410, № 411-448, № 639 лоттар бойынша материалдық құндылықтардың кесімді бағасы 10 % төмендетілсін.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»,

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2018 жылғы 15 наурыздағы өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының ғаламтор-қорында ([www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz)) жариялансын.

ММРК 10 (он) жұмыс күні ішінде жеңімпазбен сату алу-сату шарты жасалсын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2018 жылғы 15 наурызда сағат 11.32-те аяқталды деп есептелсін.

Ф. 2024

РА

М

Қолданған Атамас Қызылбаев

Қосымша:

1. 2018 жылғы 12 наурыздағы өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, \_\_\_ парақта.

**Комиссия төрағасы:**

Сабырбаева С.К.



**Комиссия мүшелері:**

Орынбеков Б.Ә.




Ахметов Б. Қ.



Дүйсекенова Д.Н.




Рахаев М.Н.




Әжіғұлова М.Ж.



Иманбаев Н.М.



Бекенов А.С.



**Комиссия хатшысы:**

Абуева Д.Е.

